



Тұрғындар өтініші қараусыз қалмайды

2



Сарбасаттан шыққан сарбаз

3



Архивтанушы мамандар сұранысқа ие

3



Жазушының жаңа туындысы

4

ПРЕЗИДЕНТ



Негізгі шаралар пысықталды

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Әкімшілігі басшылығымен 2020 жылғы жұмыстардың басым бағыттары жөнінде жиын өткізді.

Жиында еліміздің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуы мен сыртқы саясат жөніндегі мәселелері талқыланды. 2020 жылға жоспарланған негізгі іс-шаралар тізбесі қаралды.

Абайдың 175 жылдығы мен Әл-Фарабидің 1150 жылдығын атап өтуді ұйымдастыру шаралары да пысықталды.

Сондай-ақ аймақтарды экономикалық және әлеуметтік дамыту жөніндегі іс-шаралар мен 2020 жылдың I тоқсанына жоспарланған маңызды мәселелер талқыланды.

Жиын қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және өзекті әлеуметтік мәселелерді шешудегі жұмыстарды күшейту бойынша нақты тапсырмалар берді.



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



№1 (19877)

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyikz

6 қаңтар /ДҮЙСЕНБІ / 2020 жыл

Университет ректоры тағайындалды

Кеше Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде ҚР Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Қаринова, облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамовтың қатысуымен жиын өтіп, ұжымға жаңа ректорды таныстырды. Университет ректоры лауазымына Бейбітқұл Сарсемханқызы Кәрімова тағайындалды. Вице-министр Шолпан Танапқызы министрліктің қаулысын оқып берді.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

Бейбітқұл Кәрімова 1972 жылы Алматы облысы Райымбек ауданы Шырғанақ ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Қазақ қыздар педагогикалық институтын «қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген. Филология ғылымдарының кандидаты. Оқу орнын тәмамдаған соң, Қазақ қыздар институтының аспирантурасында білім алған. Осы институттың филология факультетінде деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары, орыс филология кафедрасының оқытушысы қызметінен еңбек жолын бастаған. Декан орынбасары, Алматы үздіксіз білім

беру университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры қызметін атқарған. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті колледжін басқарған. 2011 жылдан бастап ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры қызметін атқарған. Айтпа кету керек, Бейбітқұл Кәрімова – тіл білімі, салыстырмалы грамматика, қазақстандық саясаткердің тілдік тұлғасы және оқулықтану мәселелеріне арналған 80-нен аса ғылыми еңбектің авторы. АҚШ, Франция, Финляндия және Оңтүстік Корея елдерінде



біліктілігін жоғарылату курстарынан өткен.

Жиында Ш.Қаринова бүгінде ЖОО-ға қойылатын талаптар қайта қаралып жатқанын атап өтіп, 2021 жылдан бастап барлық университеттің өзіндік ди-

пломы болатынын жеткізді. – Олай дейтін себебіміз, әр университет өзіндік дипломына байланысты білім мен тәрбие беріп, нақты маман иесін қалыптастырады. Енді ел экономикасына жұмыс істейтін қызметкерлердің

барлығы білімін университетпен байланыстырмақ. Бұл ЖОО-лар арасындағы бәсекеге қабілеттілікті орнатуды деген сенімдемеміз, – деді ол.

Сондай-ақ, ел Президентінің тапсырмасымен про-

фессорлық-оқытушылық құрамның еңбекқабілетін көтеру бойынша да бірқатар жұмыстар атқарылатынын, алдағы уақытта мемлекеттік грант құны артатынын атап өтті.

Ал, облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Сейтқалиұлы сексен жылдық тарихы бар іргелі оқу орны бұдан былай да өзінің миссиясын жоғары деңгейде жалғастырады деген сенім білдірді.

Жиында вице-министр оқу орнын ұзақ жылдар басқарған техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисеновтің университетке сіндірген еңбегін атап өтіп, жылға жуық Қорқыт ата атындағы ҚМУ ректорының міндетін атқарушы болған физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Бахтжан Абдиқаримовқа жемісті еңбегі үшін алғыс айтты.

Сондай-ақ, шара барысында университет ғалымдары мен тұлғаларының ұсыныстарын білдіріп, ойларын ортаға салды.

ӘЛЕУЕТ ПЕН ӘЛЕУМЕТ

2020 жылдың ерекшелігі



Өседі! 2020 жылдың жалақы, зейнетақы, шәкіртқақы, тағысын тағылар бойынша жағымды жаңалығы құлаққа майдай жақты. Парламент палаталары мақұлдап, Президент бекіткен бірнеше заңның қатарында 2020-2022 жылдарға арналған бюджет туралы құжат та бар. Ендеше, түрлі төлемнің көбеюіне бөлек, қазақстандықтарды басқа қандай өзгеріс күтін тұрғанын тарқатып айтайық.

Назерке САНИЯЗОВА.

ТӨЛЕМДЕР ӨСЕДІ

Қаңтардан бастап еңбекақы мұғалімдерде 25, мәденіет саласы қызметкерлерінде 35-50, әлеуметтік қызметкерлерде 30-60 процентке артты. «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағының иегерлеріне 1000 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде біржолғы төлем беріледі. Ал магистр дәрежесі бар дәне тәрбиесі мен спорт саласындағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, әскери оқу орындарының оқытушыларына қосымша 10 АЕК көлемінде төленеді.

Көп ұзамай еліміздегі 2 миллионға жуық зейнеткердің қолына бұрынғыдан көптеу зейнетақы тиік. 2019 жылы ең төменгі зейнетақы 36 108 теңге болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 7 процентке немесе 38636 теңгеге көтерілді. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі 5 процентке артып, ең төменгі мөлшері 16 839 теңгеге жетіп отыр.

Мемлекет басшысының Жастар жылындағы тапсырмасы студенттердің көңілін серпілті. Бакалавр

дәрежесінде білім алушылардың шәкіртқақысы 20 949-дан 26 186 теңгеге, магистранттардыкі 53 530-дан 66 913 теңгеге жетті. Ал докторантурада оқып жатқан жастар 81 998-дің орнына 102 498 теңге алады. Жақсы жаңалық техникалық және кәсіптік оқу орындарындағы жастарды да айналып өткен жоқ. Оларға енді 20 948 теңгеден тиесілі. Жұмысшы мамандығын игеруші 122 мың жастың шәкіртқақысы бытырқыруымен бастап 30 процентке ұлғайған еді. Президент тапсырмасымен ол тағы 25 процентке артып отыр.

САРАЛАНҒАН АӘК

Атаулы әлеуметтік көмек жүйесінде де оң өзгеріс бар. Кәмілетке толмаған төрт және одан да көп баласы немесе күндізгі бөлімде оқитын 23 жасқа дейінгі студенттері бар отбасыға жаңа мемлекеттік жәрдемақы бөлінеді. Ол отбасы кірісіне қарамастан сараланған көлемде беріледі: 4 балаға – 42496, 5 балаға – 53 127, 6 балаға – 63 757, 7 және одан

да көп балаға – 74 388 теңге.

«Алтын алқа», «Күміс алқа», «Батыр ана» атақтары мен I, II дәрежелі «Ана данық» орденінің иегерлеріне төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы көлемі табысқа қарамастан 16 973 теңгеге құрайды. Кәмілет жасына толмаған мүгедек баласы бар анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға тағайындалатын және төленетін жәрдемақы көлемі 43 657 теңге болады. Дәл осындай мөлшердегі жәрдемақы бала кезінен I топтағы мүгедекті бағып-қағып отырғандар үшін де төленеді.

Жұмыс істеу қабілетін жоғалтқандарға, асыраушысынан айырылғандар мен жұмыстан шығып қалғандарға әлеуметтік төлем тағайындау параметрлері өзгеріп, төлем орташа есеппен 30 процентке көбейді. Жұмысынан айырылған, бірақ оған дейін 100 мың теңге көлемінде орташа табысы болған және әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі 5 жылдан асатын адамдар үшін төлем сомасы 30 мыңнан 41 600 теңгеге ұлғайды.

МӘМС: КІМ ҚАНША ТӨЛЕЙДІ?

Биыл іске қосылған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі халықтың 94,5%-ін қамтиды. Оның 5,5%-і – өзін-өзі жұмыспен қамтушылар.

2-бет.

МАКРОЭКОНОМИКА

Қаржы-несие саясаты: Алдағы күннен не күтеміз?

Қазір мемлекеттік органдар мен тәуелсіз бағалау ұйымдары жыл басынан бергі Қазақстанның қаржылық және ақша-несие саясатының алды ала мәліметтерін жариялай бастады. Тағалау көрсетіп отырғандай, биыл елдегі қаржылық және ақша-несие ахуалы мұнай бағасы мен макроэкономикалық қатынастар секілді сыртқы факторлардан ішкі өзгерістерге көбірек тәуелді болғаны байқалады.

Жалақы мен әлеуметтік төлемнің өсуі салдарынан халықтың сатып алу қабілеті артып, инфляцияны күшейтіп жіберді.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ.

Жыл басында 4-6 % аралығында болады деп жоспарланған инфляция қазанға дейін 5,7 % шамасында сақталған-ды. Алайда соңғы айда тағы көтеріліп 5,8 процентке жетті.

Жыл басынан бері Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмаларына орай бірқатар әлеуметтік өзгерістерді қолға алды. Ең төменгі жалақы мен бюджет қызметкерлерінің айлығы өсіп, жәрдемақы ұлғайды. Мұның теріс жағы – күнделікті тұтыну тауарлары, соның ішінде азық-түлік біршама қымбаттады. Статистика агенттігінің деректеріне жүгінесек, жыл басынан бері тамақ бағасы 9,7%-ке өсті. Соның ішінде шетелдерден импортталатын азық-түлік тауарлары, айталық, көкөніс 40,4 % қымбаттаған. Ал күріш, кондитерлік өнімдер мен өсімдік майының бағасы 10 % шамасында өскен.

Халықтың әлеуметтік ахуалы да біршама жақсарғанымен бұл Ұлттық банк үшін жаңа мәселе туындапты. Не істеу керек? Инфляцияның одан әрі шарықтауына жол бермеу үшін ақша-несие саясатын қатаңдату туралы шешім қабылданды. Эконо-



миканы несиелендіруді ынталандыру үшін соңғы бірнеше жылдан бері төмендеп келе жатқан теңгенің базалық мөлшерлемесі қайтадан өсті. Бірақ бұл шара проблеманы түгелдей шешпейді.

Айталық, халықаралық Moody's Investors Service рейтинг агенттігі

жуырда Қазақстан банктерінде 2014-2015 жылдарда орын алған дағдарыстың қайталануы мүмкін бе деген сауалды алға тарта отырып, оған дәйекті жауап іздеді. Бұл туралы түсіндіре кеткенде, мәселенің байыбы мынаған келіп тіреледі. Осыдан бес жыл бұрын болған дағдарыс екінші дәрежедегі банктердің халыққа несиені шамадан тыс бөлгенінің салдарынан орын алды. Әсіресе, банктердің үй шаруашылығы табы-

сынан 2,5 еседен астам несие бөлуі ақыр соңында тұтынушылық несие алғандардың қарызы қайтаралмауына әкеп соқты. Осыдан барып банктер де дағдарыс жағдайына ұшыраған.

2-бет.

Қолөнерде ұлттың үні бар

– «Жастар жылы» мен үшін өте жемісті жыл болды деп айта аламын. Осы жылдың қорытындысы ретінде жуырда ғана аймақ басшысының «Сыр үміті» сыйлығын алу жерлендіре түсті. Одан бөлек, Іскер әйелдер кеңесі мен «Бойтұмар-Ханым» қоғамдық қоры «Жұлдызды жеңімпаз» номинациясымен марапатталды.

Мен сөзге шебер, іске ұста халқымыздың көне замандардан қол үзбей келе жатқан дәстүрі мен ұлттық қолөнерін жетілдіруді мақсат тұттым. Тігіншілік өнерге келгеніме алты жылдай болды. Осылайша құрақ көрпе жасау хоббиіме

айналды. Негізгі мамандығым теміржолшы болса да, білімді жетілдіре отырып, кәсібімді дөңгелекте бастадым.

Ең алғаш кәсіпкерлік саласына деген қызығушылығым 2017 жылдан басталды. Сол жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы «Сырлы саусақ» сән үйінде 3 айлық курсың тігу және пішу бойынша, әрі қарай Ақтөбе қаласында «Өрлеу» сән үйінен құрақ құрау, ою басуды үйірденім.

Өткен жылдың тамыз айында «Zhas Project» жобасы арқылы 1 млн грант ұтып алдым. Осы жобаның аясында 30-ға жуық қыз-келіншек құрақ құрап, ою ойып үйірденді.



Мархабат АСАНОВА, «Сыр үміті» жастар сыйлығының иегері:

2020 жылдың ерекшелігі

Денсаулық сақтау министрлігі 1 қаңтардан бастап төленетін жарна мен төлем мөлшерін бекітті: жұмыс берушілер үшін – жалақы қорының 2 проценті; жұмысшылар үшін – еңбекақының 1 проценті; жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары, жеке практикамен айналысатын тұлғалар үшін – 1,4 ең төменгі жалақының (ЕТЖ) 5 проценті;

азаматтық-құқықтық сипаттағы келісімшартпен жұмыс істейтіндер үшін – табысының 1 проценті; өзінің төлеушілер үшін – 1 ЕТЖ-нің 5 проценті. Ал жеңілдікке не азаматтардың 15 санаты үшін қорға жарнағы ең төменгі жалақының 1,4 проценті мөлшерінде мемлекет аударды.

Жаңа жүйеде үлкендер мен балаларға арналған профилактикалық тексерістер, жоғарғы стационарлық көмек, мейірбике күтімі, қымбат консультативті-диагностикалық қызмет түрлері қарастырылған. Сондай-ақ, қазақстандық медициналық сакандыру аясында экстракорпоралды ұрықтандыру бағдарламасына тегін қатыса алады.

ЖАЗА КҮШЕЙДІ

Ендігі жерде мас күйінде көлік жүргізгендерге қатаң жаза қолданылады. Кісі өліміне әкелген жағдайда 10 жылға дейін бас бостандығынан, сондай-ақ, өмір бойы көлік басқару құқығынан айыру шарасы көзделген. Шімідкке сылжия тоып алып руль тізгіндегендерді әкімшілік қамау мерзімі 30 тәулікке, көлік жүргізу құқығынан айыру мерзімі 8 жылға ұзарды. Ал жүргізуші куәлігінің жоғна қарамастан мас күйінде көлік айдағандар темір тұлпардың тізгінін тек түсінде көрмек.

Бас прокуратураның мәліметіне 1-бет.

сүйенсек, жыл басынан бері жүгенсіз жүргізушілердің кесірінен мыңға жуық адам қаза тауып, жарақат алған. Жыл сайын мас күйінде көлік жүргізудің 30 мыңнан астам жағдайы тіркеледі екен. Олардың кесірінен болған апаттар нәтижесінде өткен жылдың өзінде 1000-нан астам азамат жарақат алған немесе көз жұмған.

НЕСИЕ БЕРІЛМЕЙДІ. НЕГЕ?

Табысы төмен азаматтар қантардан бастап банктерден қарыз ала алмайды. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын, микроқаржы қызметін және салық салуды реттеу мен дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң шарттарының бірі – осы.

Ол табысы күнкөріс деңгейінен (қазіргі кезде 31183 теңге) аспайтындарға қатысты. Сондай-ақ, жұмыссыздарға несие берілмейді. Банктен қарыз алу үшін соңғы 3-12 ай аралығындағы жалақы мөлшері туралы ресми ақпарат ұсыну керек. Бұлдан өзге заңнамалық актілерге 90 күн кешіктірілгеннен кейін жеке тұлғаларға қамтамасыз етілмеген барлық тұтынушылық қарыз үшін тұрақсыздық айыбы мен алым алуға тыйым салатын түзетулер енгізілді. Бұл қамтамасыз етілмеген тұтынушылық несие көлемінің өсуін шектейді.

Өткен жылдың III тоқсан қорытындысына сүйенсек, жеке тұлғалардың несие бойынша бөренеші алдығы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7,4 процентке немесе 7 триллион теңгеге жеткен. Қазақстандықтар несенің 95 процентін екінші деңгейлі банктерден, қалған бөлігін шағын қаржы ұйымдары мен онлайн-несие компанияларынан алған.

Қаржы-несие саясаты: Алдағы күннен не күтеміз?

Халықаралық агенттік сарапшыларының пікірінше, мұндай жағдай Қазақстан банктері бойынша 2020 жыл соңына дейін қайталанбауы мүмкін. Бірақ ол үшін реттеуші, яғни Ұлттық банк несие беруде қатаң ұстанымда болуы қажет. Егер мұндай талап қойылмаса...

Иә, бізді осы сөз алаңдатытын сынайлы. Президент жуырда ғана банктердің тұтынушылық сипаттағы несие көп беріп жатқанын сынады. Бірақ нәтиже бар ма?

Әлгі агенттік халықтың несиелік қарызға малтығуы 2015 жыл дағдарысын жақындата түседі деген қауіпті де жоққа шығармайды. Себебі агенттік сарапшыларының атап өткеніндей, Қазақстанда қазіргі таңда үкімені халықтың қайтару мүмкіндігі төмендеген.

Халықаралық валюта қоры сарапшыларының баяндамасында Үкімет пен Ұлттық банктің саясаты қайшы келмеуі үшін мынадай ұсыныстар айтылды.

Алдымен, Ұлттық банктің тәуелсіз саясат жүргізуіне мүмкіндік беру керек. Соның ішінде бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін бас банктің кей қызметтері мен активтерін бәсекелестік ортаға берген жөн. Қазір Ұлттық банк екінші деңгейлі банктер үшін сауын сымраға айналып отыр. Бұл туралы Мәжіліс депутаттары да мәселе көтеріп, банктердің экономиканы несиелендіруді азайтуының бір себебі ретінде екінші деңгейлі банктердің Ұлттық банк шоттарына ақша салуын айтады. Яғни, қаржы институттары артық ақшаны бизнеске берудің орнына Ұлттық банктің 9 проценттік депозитіне салғанды артық санап отыр. Қысқасы, әркім өз мүддесін ойлайды.

Оның ешқандай сөкеттігі жоқ, 1-бет.

рынок жағдайында осылай болуы заңдылық.

Халықаралық валюта қоры сарапшыларының пікірінше, капитал нарығын дамытып, долларсыздандыру саясатын күшейту қажет. Дегенмен, бұл мәселе қазір қаржыгерлер арасында екіұдай пікір тудырады. Ұлттық банк үшін, әрине, ұлттық валютаға сұраныстың артқаны тиімді. Дегенмен, іс жүзінде екінші деңгейлі банк басшыларының пікірінше, долларсыздандырудың кесірінен бизнесмендер артық ақшаларын елден сыртқа шығарып жатыр.

Халықаралық валюта қоры әлдеқандай тосын жағдай туындап, Үкімет пен Ұлттық банк секторына көмектескен жағдайда бұл көп шығын талап ететінін айтады. Банктердің портфельі қазір айтарлықтай оналғанымен, қаржы ұйымдары әлі де жоққа бизнесті несиелендіруге асыға берме. Уақыт өткен сайын бизнеске берілген қарыздан гөрі тұтыну несиеінің өсіп бара жатқаны байқалады. Соның бірер тоқсанда бизнеске берілген несие көлемі аздал өскенімен, айналып келгенде, бұл да мемлекеттің бизнесті қолдау үшін бөлген жеңілдетілген кредиттері болып табылады. Халықаралық валюта қоры сарапшылары быттыр да мемлекеттің бизнеске жеңілдетілген несие беруін азайтуға шақырған. Сарапшылардың пікірінше, шағын және орта бизнесті дамыту үшін субсидия бөлудің банктерге тікелей мемлекеттік қолдау көрсетуінен айтарлықтай айырмашылығы жоқ.

Иә, субсидия мәселесі қазір мамандар тарапынан екіұдай пікір туғызуда. Қандай салаға, не үшін беру керек? Егер берілген субсидия экономика дамуына ықпал жасамайтын болса оның қажеті қанша? Бір сөзбен айтқанда, қазір экономикада тосын құбылыстың алдын алу үшін қаржы-несие саясатын қатаңдату қажеттігі туындайды.

Тұрғындар өтініші қараусыз қалмайды



«Nur Otan» партиясы облыстық филиалына қай кезде барсаңыз да партияның қабылдау бөлімі алдында тұрған халықты көресіз. Қоғамдық қабылдау бөлмелері – жұртшылықпен арадағы үздіксіз байланысты қамтамасыз ететін көпір. Осыған орай, біз азаматтардың арыз-шағымдарына талдау жасау үшін «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы, қабылдау бөлімінің менгерушісі Нұрлан Әбілқасымұлы сұхбаттасқан болатынбыз.

– Нұрлан Әбілқасымұлы, бүгінде қоғамдық қабылдау бөлмелері халыққа қасіпкіой мамандардан кеңес алып, жаңа бастаған істеріне бағым беретін орына айналды. Қабылдау қандай негізде жүргізіледі?

– «Nur Otan» партиясына бас сұққан адам бірінші Қоғамдық қабылдау бөлмесіне келеді. Біз көмек сұраған тұрғындарға құқықтық кеңестер береміз. Мемлекеттік орган басшылары мен депутаттардың қабылдауына жазамыз. Мәселені шешуге көмектесеміз. Жалпы «Nur Otan» партиясы аймақтық және аумақтық филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелері – азаматтарды қабылдау және өтініштерін қарау, партия басшылығы мен депутаттардың, сонымен бірге лауазымды тұлғалардың тұрғындарды жеке қабылдауын жүргізу, консультативтік көмек көрсету жолымен партияның халықпен өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелер.

Негізінен ол қызметін ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» Заңына, партияның Жарғысы мен ережесіне, сондай-ақ «Nur Otan» партиясы Орталық аппараты қоғамдық қабылдау бөлмесінің, аймақтық және аумақтық филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелері жұмысының нұсқаулығына сәйкес атқарады. Осылайша, жұртшылықпен үздіксіз байланыс жүргізіп келеміз.

– Біздің бізүмізімізше, қоғамдық қабылдау бөлмесінен көмек, қолдау алғандар саны жылдан жылға артап келеді. Өткен жылы азаматтардан қанша өтініш келіп түсті? Жылды қорытындылап үлгердіңдер ме?

– Иә, «Nur Otan» партиясының орталық аппараты айқындап берген шарттарды жүзеге асыру бағытында кызмет жасап жатқан партияның облысы және аудандардағы, Қызылорда мен Байқоңыр қалаларындағы аумақтық филиалдардың, сондай-ақ, «Теміржол», «Тұран» филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелері быттыр атқарған жұмыстарын қорытындылады. Жалпы, ұзаған жылдың есепті мерзімінде қоғамдық қабылдау бөлімдеріне 4632 өтініш түсті. Өтініштерді талдайтын болсақ, көбісі әлеуметтік қамсыздандыру саласына қатысты, яғни, осы сала бойынша барлығы 1564 өтініш келіп түссе, жұмыспен қамту, еңбек даулары бойынша – 1255, білім саласына қатысты – 112 шағым. Әрі қарай тұрғын үй мен жер телімдерін табыстау 758, денсаулық сақтау саласы 225, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және елді мекендердің инфрақұрылымы 315, бизнес және кәсіпкерлік саласы 126, несие, қаржыландыру саласы 66, халықты құжаттандыру және тіркеу 37, сот және құқық қорғау жүйесі 30 өтініш, шағымдар саны 72, білдірілген ұсыныстар мен пікірлер 60, ал агроөнеркәсіптік кешеніне қатысты 9 өтініш түсті. Барлық 4632 арыз-өтініштен он шешімін тапқаны – 1918. Бұл барлық өтініштердің 41,5 процентін құрайды. Ал қалған 2664 өтінішке заң тұрғысынан тиісті түсіндірмелер, құқықтық кеңес берілді.

– Енді жеке қабылдаулар жөнінде айтып өтсеңіз... – Есепті мерзімде 1367 қабылдау өткізіліп, оған 1997 азамат келді. Олардың 896-сының мәселесі оң шешілді. Оның ішінде ҚР Парламенті Мәжілісі және жергілікті мәслихат депутаттары өткізген 527 қабылдауда 705 азамат өз өтінішін білдірсе, 393 азаматқа заң тұрғысынан түсіндірме берілді. 312 азаматтың мәселесі оң шешім тапты. Ал облыстағы орталық мемлекеттік органдар мен құқық қорғау орган басшылары, жергілікті атқарушы, басқа да құзырлы органдардың басшылары мен партия филиалдары торағаларының бірінші орынбасарлары өткізген 840 жеке қабылдауда 1292 азамат келді. 702 адамға заң тұрғысынан түсіндірме беріліп, 584 адамның мәселесі қаралды.

Сонымен қатар, өткізілген 474 партиялық жоба, республикалық акцияға, тақырыптық, көшпелі қабылдауға қатысқан барлық 1380 адамның 1041-і қабылдауда болып, олардың 603-іне түсіндірме берілді. Ал адвокат, заңгер, медиа-торлар өткізген 81 қабылдауда 164 азамат өтініш білдіріп, 125 тұрғынға заңгерлік кеңес беріліп, 39 азаматтың мәселесі шешілді.

– Заманауи технологияның жетістіктері халықты ақпараттық қолжетімділікке дағдыландырып келеді. Жалпы жетістілікке ашық, кез келген азаматтың мұң-мұқтажын тыңдауға дайын партияға үміт артатындар, хабарласатындар қатары көп пе?

– Нақты кезеңде халықтық басым көпшілігі әлеуметтік желілерді пайдаланады. Сол арқылы партия филиалдарының ресми парақшаларына түрлі сауал жолдайды. Әрине, біз мүмкіндігінше жауап беруге тырысамыз. Кейбір азаматтар өзекті деген мәселесін айтады да, оны дереу шешіп беруді талап етеді. Бірі баспаға сұраса, екіншісі көшеге жол салып беруді сұрайды. Тіпті, үйімізге газ кіргізіп бер дейтіндер де табылады. Бұл жерде тұрғындардың барлық мәселесі дереу шешімін табуы мүмкін еместігін де еске салғым келеді.

– Көшпелі қабылдаулар да жеті ұйымдастырылуда. Қанша өтініш-тілек түсті?

– Быттыр шілде-тамыз айларында партияның облыстық филиалы торағасының бірінші орынбасары А.Әліназарова мәслихаттар депутаттарымен бірлесіп отырып аудандар мен Қызылорда қаласына қарасты ауылдық округтерде барлығы 23 көшпелі қабылдау өткізді. Оған келген 245 азаматтың 171-іне заң тұрғысынан түсіндірме, тиісті құқықтық кеңестер берілді. Онда 32 тұрғынның мәселесі тиісті әкімдер мен уәкілетті орган басшыларының назарына жеткізілді.

«Nur Otan» партиясы орталық аппаратының тапсырмасына сәйкес, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының өздері сайланған елді мекендерде, шалғай ауылдарда, жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен бірге көшпелі қабылдаулар өткізу кестелері бекітіліп, тиісті қабылдаулардың өткізілуі тұрғындардың көтерген мәселелерімен жіті тынысып, мүмкіндігінше шешілуіне жұмыс жасауға ықпал етері анық.

– Қашықтан қабылдау жүргізіле ме?

– Иә, бүгінгі таңда озық технологиялық жүйелерді қолдану арқылы жергілікті жерлеріндегі азаматтардың уақытын, келіп-кету жол шығынын үнемдеп, облыс орталығындағы тиісті органдар мен құрылымдарға, басшыларына тұрғылықты жерінен «Скүре» байланыс арқылы шығып, өз өтінішін білдіруіне мүмкіндік жасалды. Аталған жүйе арқылы 16 қабылдау өткізіліп, оларға барлығы 19 адам жүгінді.

– Енді алдағы міндет-мақсаттарға тоқталып өтсеңіз...

– Қоғамдық қабылдау бөлмелер жұмысының нәтижесі болуы – өзекті проблемаларды шешудің жолын мүмкіндігінше таба білуге байланысты. Алдағы уақытта бұл бағытта атқарушы органдармен, басқа да құрылымдармен бірлескен жұмыс жасалады. Ол үшін алда өтетін қабылдаулар көпшілікке әлеуметтік желі, жергілікті электрондық және баспа құралдары арқылы кеңінен хабарланады. «Nur Otan» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмелерінде тақырыптық қабылдаулардың өткізілуін кеңейту және оған осы тақырыпқа байланысты мәселелермен кәсіби тұрғыда айналысатын мәслихаттардағы фракция мүшелерінің, жергілікті атқарушы және мемлекеттік орган басшыларының, кәсіби мамандардың қатысуы қамтамасыз етіледі.

– Әңгімеңізге рахмет! Әңгімелескен ДАЙБОЛАТУЛЫ.

МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ...

38 нәресте дүниеге келді

Жұрт мерекеге дайындалып, тойлап жатқанда кейбір сала мамандарының жұмысы қызға түседі. Әсіресе, бұл күндері медицина, төтенше жағдайлар, полиция қызметкерлері тікесінен тік тұрып, халықтың қауіпсіздігі мен денсаулығы жолында жұмыс жасайды.

26 ұл, 12 қыз

Мерекеде облыстық перинаталдық орталығында 38 нәресте дүниеге келді. Оның 26-сы ер бала болса, 12-сі қыз бала. Перинаталдық орталықта тәулігіне әдеттегі күндері 20-25 сәби дүниеге келсе, Жаңа жыл түнгі көрсеткіш біршама жоғары болып отыр. Бұл күні ана мен баланың амандығы жолында шамамен 110 қызметкер жұмыс жасаған.

Айта кетерлігі, орталықта жылма-жыл 10-11 мыңнан астам бала дүниеге келеді. Ол облыс бойынша көрсеткіштің 60 процентке жуығын құрайды екен. Тышқан жылында өмірге келген алғашқы сәбидің есімін ата-анасы Заманауи деп қойыпты.

Ең қызығы, 31 желтоқсан күні орталық қызметкері, босану бөлімінің менгерушісі, акушер-гинеколог Аманкүл Приева да



дүниеге ер бала әкелген. Мұны әріптестері қуанышпен айтуда. Балғындардың бауы берік болсын!

Отшашудан ешкім зардап шеккен жоқ

Жай күндері де жұмысы қауырт жедел жәрдем бұл күні тіпті тыным таппады. Жедел жәрдем қызметіне 31 желтоқсаннан 1 қазтарға қараған түні барлығы 1754 адам жүгінген. Оның ішінде бала саны 672, үлкендер саны 1082 болған. ОМЖЖС бойынша барлығы 49 топ жұмыс атқарған. Оның ішінде 18 дәрігер, 80 орта буынды маман, 49 жүргізуші бар. Ал БМСК ұйымдары бойынша барлығы 28 топ, 84 қызметкер жұмыс жасалды.

– Адам денсаулығы қашанда маңызды. Быыл ең бастысы отшашудан зардап шеккендер ерекше

Сақшылар ат үстінде қарсы алды

Тәртіп сақшылары да мерекеде елдің қауіпсіздігін барынша бақылауда ұстады. Дегенмен, бұл күні 2 жол-көлік оқиғасы орын алса, мас күйде көлік жүргізуші, сол сияқты көлік жүргізуші мас адамға беру бойынша 1 дерек, ішімдік ішу немесе қоғамдық орындарға мас күйінде келу бойынша 22 дерек тіркелген. Сондай-ақ, құжатсыз және құқығы жоқ адамның көлік жүргізу бойынша 3 дерек анықталған. Ал түнгі уақытта тыныштықты бұзған 5 дерек орын алған. Бұған қоса тәртіп сақшылары орталық алаңдағы жанажылдық безендірулерді бұзған бұзақыларды ұстады.

Бастысы – адам аман...

Күн салқын болса да, өрт өршіп тұр. Мейрамада Қызылорда қаласында бір автокөлік, үш тұрғын үйден өрт шыққан. Оның бұры масаң күйдегі тұрғынның қасақана өртеуінен болса, бірі темекінің өшірілмеуінен болған деген болжам бар. Енді бірі электр сымдарының тұйықталуынан болған. Үйдің өртеуі Сырдария мен Қармақшы ауданында да орын алған. Бастысы, адам шығыны мен зардап шеккендер жоқ.

«СБ» ақпарат.

ОҚЫРМАН ЛЕБІЗІ

Жазылғаннан ұтылған жоқпыз

Аға буын өкілдеріне бүгінгі «Сыр бойы» газеті көзге оттай басылатыны ақиқат. Өзінің тоқсан жылдық дәуірінде талай белестерден өтті. Кең қауымның ақылшысы болды. Келесіз көріністерді дер кезінде көтерді, жаңа бастамалардың жаршысына айналды. Бұл жайлар тоқсан жылдық шежіреде баяндалды. Кезінде жазушы Нәсірдин Сералин, Қошпабай Сүйенішев, Сақтапберген Әлжіков, Дархан Сапаровтардың танымдық дүниелерін құмарта оқығанбыз. Ақын Асқар, Қуаныштардың бір-біріне деген сүйалығына тамсанғанбыз, таңдай қаққанбыз. Біз бүгінгі «Сыр бойының» әр санын асыға күтіп, боймызға қуат жинаймыз, ләззат аламыз. Неге дейсіз гой, қазір басылымның келбеті өзгерген, тар-

тымды, танымдық дүниелер мол қамтылады. Жас толқындар Назерке, Дәулет, Айлана, Ержан, ақын Дүйсенбектердің жазған дүниелері бейжай қалдырмайды, қалам сілтеңдес жанапшылық үрдіс бар. Мен жиырма жылдан бергі басылымның оқырманымын. Әр жылдардағы жазылу науқаны кезінде өз әріптестерімді біркісідей жазылуға белсенділік танытатын шақыру дәстүрі қалыптасқан. Біз отбасымызбен басылымды оқымыз, пікір алмасамыз. Тауір дүниелерді насихаттаймыз. Облыс тынысы, кәсіпкерлер еңбегі жайында мағлұматтарға қанығып гана емес, кеңес алар дүниелерді ойға түйіндейміз. Отбасымызбен түгелдей кәсіпкерміз. Ал мен бәрін ақылшысымын, кеңесшімін. Сыр өңірінде кәсіпкерлерді да-

мытуға, оларға жол ашуға кең мүмкіндік туған. Содан бөлар облыс республикада көп басында тұр. Облыста жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілердің саны елу мыңға жуықтап тұр. Бұл көп адамның еңбек етуіне жана мүмкіндік туғызады. Бүгін өзімің бауыр басқан «Сыр бойына» деген шынайы ықпалымды білдіруді парыз тұттым. Басылымға жазылғаннан ұтылмайсыз, оқырман! Әр кезде қапы қалмаңыз. Ал, біз жыл сайын жазылғаннан ұтылған жоқпыз. Өйткені, байырғы басылым біздің кеңесшіміз болды. Сондықтан кәсіпкерлер қауымына атсалысыңыздар дегім келеді.

Жанабай ҚУАНОВ, кәсіпкер, Қызылорда қаласы.

ЕДЕЛ-ЖЕДЕЛ

Жанар-жағармай құю бекеті ашылды

Қазыла ауданындағы Әйтеке би кентіне 24 сағат қызмет көрсететін «Sinooil» ЖШС жанар-жағармай автобекеті ашылды.

Жанар-жағармай құю бекеті кенттің Жанқожа батыр көшесінде. Бекетте АИ-92, АИ-95 маркалы бензин және дизель отыны сатылады. Ашылған нысандан жанар-жағармай құю бекетімен бірге жолшығарғыларға шағын рынок қызмет көрсетеді.

Жиырма жылдық белес

Жалаған ауданындағы «Мираж» шаруа қожалығына был 20 жыл. Жаңа жыл қарсаңында шаруашылық торағасы Мейрамбек Бақтыбаев озат күршішлерді марапаттап, мол өнімге қол жеткізген дикандарға автокөлік мінгізді.

Шаруашылықта отыз адам еңбек етеді. Жұмысшылардың бірнешесі шаруашылық тарапынан баспамен қамтамасыз етілген. Бұған дейін механизаторға 5 бөлмелі баспаға салып берсе, игі бастама был да жалғасын тауып, тағы бір механизаторға тұрғын үй кілт табысталған. Сонымен бірге агроном мен инженер-механикке сыйақы ретінде жана автокөлік берілді. Шаруашылық торағасы ұзақ жылдан бері еңбек етіп келе жатқан еңбек озаттарына «Мираж» шаруа қожалығының 20 жылдығы» медалін тағып, «Алғыс хатпен» марапаттады.

Күдіктілер қолға түсті

Қызылордада бірнеше пәтер ұрлығына қатысы бар деген күдікпен екі адам ұсталды.

Арал ауданының 28 және 32 жастағы екі тұрғыны Қызылорда қаласындағы үйлердің біріне үй иелерінің жоқтығын пайдаланып, пластик терезе арқылы кірген. Осылайша үйден бағалы заттарды қолды етіп, оқиға орнынан бой тасалап кеткен. Қызылорда қалалық полиция басқармасы криминалдық полиция бөлімі қызметкерлері жедел әрекет етуінің нәтижесінде Арал ауданының 2 тұрғыны қолға түсті.

Тергеу барысында күдіктілердің облыс орталығында жасалған үш қылмысқа қатысы бар екендігі анықталды. Заттай дәлелдемелер ретінде ноутбук, ұялы телефон, алтын зергерлік бұйымдар тәркіленді. Олар уақытыша ұстау изоляторына қамаққа алынды. Барлық деректер бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 188-бабының 3-бөлігі (ұрлық) бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

Дайындаған Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы».

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 75 ЖЫЛ

Сарбасаттан шыққан сарбаз

соғыс және еңбек ардагері Түкетай Рахатов туралы сыр



1943 жылдың шілде-тамыз айларында Курск доғасында өткен сұмдық соғысты кәрі тарих ешқашан жаддан шығара алмас. Неміс фашистері мен қызыл армияның бұл қырғыны екінші дүниежүзілік соғыстың бетбұрысты кезеңі деп аталды. Өйткені екі жақтың орасан әскери күші осы жерде топтасты. Адам қаны суша аққан соғысқа қарсыластардың 4 миллион адамы, 70 мыңға тарта зеңбірек пен минометі, 13200 танк, 12 мың бомбалаушы ұшағы қатысты. Немістер 50 дивизиясын ұрысқа қосып, бейбіт елді «Тигр», «Пантера», «Фердинанд» деп аталатын тажал танктеріне таптатады.

Осынау опаттың бетін қызыл әскер қайтарып қана қоймай, тас-талқан еткен. Курск доғасындағы арнайы туралы оқтай зулап әлемге тарал кеткен әңгімелер қаншама. Соның бірі Сталиннің қазынадан миллион соғым ақша бөліп, Самарканды өзі бұздырған Әмір Темірдің кесенесін жөндеуден өткізді. Өйткені, «қызыл көсем» атанған болса да, аруактан қорықты. Шынында бұл жерде өлімнен бетпебет келгенде қас қақпайтын аруак қонған қаһармандар айкасты. Дүниені дірілдеткен сол сұрапылдың ішінде он сегіз жасында Аралдан сымдай тартылып майданға аттанған сарбаз Түкетай Рахатов та бар еді.

Армия генералы К.Рокоссовский қолбасшылық еткен атқыштар дивизиясының 4926-шы минометшілер полкінде болған сержант Түкетай Рахатовтың басынан өткізген мың баптан ауыр тағдырды бастанақ айтып шығу біздің қолымыздан келмес. Алайда, бүгінде аңыз боп жеткен жау жүрек жігіттің қайсарлығы мен намысын кеудесінен төмен түсірмеген табандылығы таңғалды.

Түкетай басқарған минометшілер жүзеге соғыс техникасы мен дзоттардың күлін көкке ұшырған. Шоқтанған темірлер аспанға атылып, балқыған қорғасындардың құлақ түбінен зырлап жатқанын көзге елестетудің өзі қорқынышты. Бұл соғыста ешкім жауын қорғауды ойламады, жауын жөндеу ойлады. Алдынан тиетін оқтан бас бұқсаң, ажал төбеннен түсе қалады. Бір сәт о дүниенің тозағы жердің бетіне көшіп шыққандай сұмдық!

Сондай бір мезетте жау снарядының жарқыншағы жауынгер Түкетайдың мойын омыртқасынан келіп қалды, жұдыны тері еттің сыртына шықты. Жауынгер достары оны дала госпиталіне жеткізді. Әскери дәрігерлердің өзі мына

жарақаттан көзін тайдырып әкетті. Дереву отаға кірісу керек-ті, алайда, Түкетай отадан бас тартты. Көшпелі госпитальдың медициналық құрал-жабдықтары өте жадау болатын, отадан аман шығудың өзі де неғайбыл. Қанша киналса да Түкетайға аман қалу керек. Себебі, Москва түбінде атакты қолбасшы Бауыржан Момышұлының сапында болған ортаншы ағасы Қарабала қаза болған еді. Үлкен ағасы Төлеген Сталинград майданында жүр, оның да тағдыры бір Құдайға аян. Ал, ауылда анасы үш бірдей ұлын күтіп отыр.

Осылайша, жаралы жауынгер курсуаланып алты ай қозғалысыз жатты. Суық төсек соғыс азабынан кем болмады, бірақ, Түкетай оны да жеңді.

Ақыры аяғынан тұрған Түкетайды әскери дәрігерлер мүгедектік топқа жатқызып, елге қайтуына рұқсат етті. Ол бірақ дивизия штабында қаламын деді. Ерлер қасқайып қан майданда жүргенде мүгедек болып ауылға баруға арланды. Сөйтіп, штабта қалды. Орысша сауатты еді және қаламсаппен қағазға түсірген әріптері маржандай тізілетін жазу үлгісі әдемі болатын. Штаб бастықтары оның осы қырын пайдаланды, түрлі бұйрықтар мен әскери үгіт плакаттары жаздырды. Ара-тұра шаруашылық жұмыстарын атқарды. Сол калыпмен штабпен бірге Берлинге дейін барды. Өткен, дәрігерлер рұқсат етпеді, айтпесе қолына қару алып, «по пластунски» жетер еді.

Осылайша, намыс оты кеуде көрігінде маздаған Түкетай 1946 жылы елге оралды. Үлкен ағасы да соғыстан қайтпады. Қайғы салмағын көтере алмаған анасы қайтыс болыпты. Жалғыз қарындасы Аймерекені нағашылары қолға алған екен. Екеуі Мұңлық пен Зарлықтай болып қауышты. Енді оны бейбіт өмірдің майданы күтіп тұрды.

Ол келе сала Сексеуіл стансасындағы темір жол бойына жол жөндеуші монтер болып жұмысқа орналасты. 1947 жылы Нағима Сұлтановамен бас қосты. Бір жылдан соң отбасының тұңғышы Әбдікәрім дүниеге келді. Оның соңынан телелесіп Ұлықпан, Уәлихан, Зира есімді екі ұл, бір қыз ерді. Аспан ортенген, жер жанған алапаттан аман келгені осы төрт перзенттің қорер жарығы шығар. Түкетай жаралымын деген жоқ, ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүріп еңбек етті.

Ел ішіндегі ықпалын ескерген басшылық 1950 жылы

Сексеуіл поселкелік кеңесінің хатшысы етіп қызметке қойды. Осы қызметті Түкетай аға өмірінің соңына дейін абыроймен атқарды. Бірнеше дүркін облыстық партия конференциясының делегаты болып сайланды. Жұмыстан қол үзбей жүріп, облыстық атқару комитеті кеңестер депутаттығын курсың алтын белгімен бітіріп шықты. Ауылдастарының қызметтерін ішіндегі құқықтық сауаты жоғары осы Түкен еді. Сондықтан оның алдына өзінің қақын талап етіп, шындық іздегендер жиі келетін. Соның бәрине ол кісі өз жоғын қарағандай көңілмен көмектесті. Кешеге дейін осындай жақсылықтары мен қолқайырлығын ұмытпаған ауыл ақсақалдары кейінгілерге айтып отыратын. Шын мәнінде туған жерінің көптеп-көгеруіне жанын сала еңбек еткен ер азаматтардың өмір жолы кейінгі ұрпақ үшін тәрбие көзі боларлық өнеге. Елбасы Н.Назарбаев бұлғенде рухани бағдарламасына айналып кеткен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Әрбір өлкенің халқына сұмықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуіге тиіс» деген болатын.

Осы аталы сөз өмірін өз өлкесінің өркен жаюына сарп еткен Түкетай сынды бағыр болмысты кісілерді құрмет тұтуды арнаған. Мұны жақсы сезінетін сексеуілдерік станса орталығынан Отан соғысының ардагері, еңбек майданы Түкетай Рахатовтың есімін есте қалдыру шараларын қолға алды. Бұл ауыл адамдарының – батырын сыйлаған құрметі, ұрпағына көрсеткен ұлағатты жолы.

Жастық шағын құрбандыққа шалып, соғыс пен ауыр бейнеттің азабын арқалаған Түкетай аға қырық төрт жасында жау оғы сыздатқан жарақаттан көз жұмды. Ал, артында салықалы ұрпағы қалды. Үлкен ұлы Әбдікәрім ұстаздықтан зейнетке шықты. Онан кейінгі ұл Ұлықпан медицина саласының білгір маманы, Оралда тұрады. Ал, кенже қыз Зира Алматыда, ол да денсаулық саласының қызметкері. Бәрі де бала-шаға, бау-шарбақты. Өке даңқына дақ түсірмей, егемен еліне кызмет етіп келеді.

Ерлікті ұмытпайтын еңселі елі бүгінде Түкетай атын төрге шығарды.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы».

ТАҒЫМ

Ғалымның хаты өлмейді

Бимағанбет Ділманов (1929-2003) Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогика институтында «Химия» кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, музыка-педагогика факультетінің деканы болып 40 жылға жуық қызмет атқарды. Ол Сыр өңірінің, республиканың орта мектептеріне химия пәні мұғалімдерін даярлау ісіне қажымай еңбек еткен ғалым-педагог болатын.

Нұр-Сұлтан қаласындағы «Фонлант» баспасынан Білім және ғылым министрлігі жоғары және жоғарыдан кейінгі оқу орындарының білім алушыларына оқу құралы ретінде ұсынылған Б.Ділманов пен А.Топалованың «Жалпы және бейорганикалық химия практикумы» атты оқулығы жарық көрді. Айта кетейік, аталған оқу құралы Б.Ділмановтың 1972 жылы Алматы қаласындағы «Мектеп» баспасынан жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Жалпы және бейорганикалық химия практикумы» атты оқу құралы негізінде жазылды. Бұл практикумды Бимағанбет Медеуұлының жазуының өзі де кездейсоқтық емес еді, себебі ол жаратылыстану факультетіне түскен 1-курс студенттерінің ең алғаш оқыған қиын да, қызық химия пәні – «Бейорганикалық химия» пәнінен дәріс оқып, лабораториялық практикаларды өзі жүргізетін. Сол кезеңде қазақ бөлімін студенттерін арналым ақсулар, лабораториялық практикалар тек орыс тілінде ғана болып, қазақ тілді студенттерге айтарлықтай қиындық тудыратын.

Б.Ділмановтың осыдан 48 жыл бұрын жарық көрген сол кітабы республика бойынша қазақ тілінде жа-

зылған химиялық алғашқы еңбектерінің бірі екенін еске алсақ, оның құндылығы айтпаса да түсінікті. Практикумды жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, орта мектептің химия пәнінің мұғалімдері осы уақытқа дейін пайдаланып келеді. Кітаптың 2-басылымы 2009 жылы Астана қаласындағы «Сарыарқа» баспасында жарық көрген болатын.

Оқу құралы педагогикалық мамандар даярлайтын ЖОО «Бейорганикалық химияның теориялық негіздері» және «Элементар химиясы» пәндерінің бағдарламаларына сәйкес оқытатын тараулардың теориялық материалдарын жүйеліп, анализдеу үшін қажетті зертханалық жұмыстардан, шығарулы жолдары көрсетілген мысалдардан, студенттің химиялық ойлау қабілетін дамытатын көптеген проблемалық сұрақтар мен есептерден тұрады. Оқулықта жалпы және бейорганикалық химияның барлық тақырыптары бойынша 450-ден астам тәжірибенің сипаттамалары, 500-ден аса сұрақ, жаттығу және есеп берілген. Қосымшасында есептеулер жүргізуге қажетті стандартты шамалардың кестелері, іргелі физикалық және физика-химиялық тұрақтылар мен кейбір өлшем бірлік-



тердің арасындағы қатынастар көрсетілген.

Практикум жоғары оқу орындарының химия, химия-биология, экология бөлімдерінің білім алушыларына, мектеп оқытушылары мен химияға қызығушылық танытатын талапкерлерге арналып жазылған.

Оқу құралының қосалқы авторы Анипа Қапалова – техника ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы университеттің «Биология, химия және география» кафедрасының профессоры. Бимағанбет Медеуұлының ісін жалғастырушы ізбасар шәкірті, кафедрада бірге қызмет жасаған әріптесі ретінде Анипа Сейдалықызы Қорқыт ата атындағы ҚМУ мектептен химия мамандығына 1-ші

курсқа түскен студенттерге «Бейорганикалық химия» пәнінен дәріс беріп, лабораториялық практикумды жүргізеді. Анипа Сейдалықызы оқу құралын қазіргі заман талабына сай жетілдіріп, басыпаға қайта шығаруға үлкен үлес қосты.

Б.Ділманов бұдан да басқа көптеген ғылыми-әдістемелік мақалалардың және ЖОО студенттеріне арнап Алматы қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі Зәуре Ділмановпен бірге жазған «Жалпы химияның теориялық негіздері» (Қызылорда, «Тұмар» баспасы, 2009 жыл, 200 бет) атты оқу құралының авторы.

Шотландтық жазушы және реформатор, ұлы адамдардың өмірбаянының алынған фактілерге толы адамгершілік-философиялық сипаттағы кітаптардың авторы Сэмюэл Смайис «Кітаптар өлмейтін қабілетке ие. Олар – адамзат қызметінің ең өмірлік жемісі» деген болашақ. Оңорде Балық «Рухында біташақ ұрпақтың жағдайда ғана кітап өмірлік болмақ» дейді. Болашақ маман қарлыраң даярлауда оны бар құнды оқу құралының өміршеңдігінің сыры да осы болар. Дана халқымыздың «Ғалымның хаты өлмейді, жасының аты өлмейді» деген қанатты сөзі ұстаз-ғалым Бимағанбет Ділмановқа арнап айтылғандай...

Гүлмира АБЫЗБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ-
дың қауымдастырылған
профессоры, химия
ғылымдарының кандидаты.

Қызылорда облысының прокуратурасы, 120001, Қызылорда қаласы, Нұрмақов көшесі, №1 үй, анықтама үшін телефон (7242) 274375, факс (7242) 270172, электрондық мекенжай 7242380@prokuror.kz, бос прокурорлық лауазымға

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Бос орындар:

- Қызылорда қалалық прокуратурасының прокуроры - С-РГР-5 (бір бірлік);
- Шіелі аудандық прокуратурасының прокуроры - С-РГР-5 (бір бірлік).

Функционалдық міндеттері:

Жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарының сақталуын қадағалауды, заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарды қадағалауды жүзеге асырды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және заңда белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырды.

Лауазымдық еңбекақысы 76 274 теңгеден жоғары.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- функционалды бағыттарға сәйкес келетін жоғары кәсіби білім;
- құқық қорғау органдарына қызмет атқару үшін қажетті болған денсаулығының жарамдылығы.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: хабарландыру жарияланған күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде Қызылорда қаласы, Нұрмақов көшесі, №1 үй мекенжайда қабылданады, қадрлық дамыту болса.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі:

Қазақстан Республикасы Бас

Прокурорының 4 мамыр 2014 жылғы №40 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында, ведомстволары мен мекемелерінде лауазымдарға орналасу үшін конкурсы пен тағуылымдама өткізу» Ережесінің талаптарына сәйкес, келесі құжаттардың болуы міндетті:

- 1) өтініш (нысанға сәйкес);
- 2) сауалнама (нысанға сәйкес);
- 3) кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы (нысанға сәйкес);
- 4) қолмен толтырылған және басылып жазылған толық өмірбаяны (нысанға сәйкес);
- 5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын қуандырылған құжаттың нотариалдық қуандырылған көшірмесі;
- 6) білімі туралы құжаттардың нотариалдық қуандырылған көшірмесі;
- 7) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық қуандырылған көшірмесі;
- 8) әскери билеттің немесе әскерге шақыру уақытесіне тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;
- 9) 3x4 үлгідегі (2 дана) сурет;
- 10) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктері туралы декларацияның тұратын жері бойынша мемлекеттік кіріс органына табыс еткенін растайтын құжаттар;

11) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды өткізу кезінде жарамды, шекті мәнінен төмен емес қолданыстағы заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеудің нәтижелері;

12) прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық және психфизиологиялық қуандырылған, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеуден өтуін және міндетті арнайы тексеріс қорытындылары;

13) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарының соттылығы жоқтығы, сот тәртібінен соңғы бір жылдың ішінде қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны туралы анықтама;

14) соңғы жұмыс (оқу) орнының міндетіне. Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және іскерлік белеңіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтардың берілуі, міндетдемдер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпарат бере алады.

Құжаттар мұқабалда тізбесі көрсетіліп, тігіліп тапсырылуы тиіс.

Қызылорда облысының прокуратурасы.

Облыс тұрғындары 7,1 млрд теңге аударды

— Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2019 жылдың 30 қарашасына дейінгі аралықта Қызылорда облысының тұрғындары әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 7,1 млрд теңге аударды, оның 6,9 млрд-сы (97,2%) жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 188,7 млн теңге (2,8%) - жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісім-шарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі, — деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Жарна төлеу жағынан Қызылорда қаласы, Шіелі мен Жанақорған аудандары көш бастап тұр.

Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталды және ӘМӨС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалуда.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалдың халықтық ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналасуыңызға келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің ұжымы, ардагерлер кеңесі департаменттің ардагер зейнеткері

Алмас Сәдуақылы Жаманбаевтың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Архивтанушы мамандар сұранысқа ие

Халық арасында архив десе, өткен ғасырда ақиқат ақын Мұқағали Мақатаев қалыптастырған бір шумпақ өлеңнен басқа ешнәрсө ойға келмейтінді хак.

Қазіргі уақыттағы архивтердегі жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесінде, архив қызметіне жүгінген жаңға шаңның емес, келешекте саусақ ізіннің өзін табу қиын болары сөзсіз. Оның себебі, біздің ғасыр ақпараттық қоғам дәуірі болғандықтан кейін, цифрлық технология, ақпараттық технология, электронды құжат ұғымдарының қолданысқа еніп, архивтердің электрондық деңгейіне ауыса бастауы.

Осы орайда архив саласын жетілдіруде ел Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі тарих, археология және этнология факультетінде архив және құжаттану саласы үшін магистр мамандарды даярлауда, IT-Архивтану және құжаттану білім беру бағдарламасы ашылды. Бұл білім беру бағдарламасының ашылуы қазіргі тұрақты да өзгермелі қоғамда,

архив ісі мен құжаттануда ақпараттық технологияларды дамыту және оларды енгізуді біз қалай жүзеге асырамыз деген сұрақтың жауабы болды. Білім беру бағдарламасының ашылу мақсаты – архив ісі мен құжаттану саласында заманға сай білімді де білікті мамандар даярлау, олардың білімін жетілдіруде озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы архив пен құжаттану саласын жетілдіріп, еліміздің әлем елдерінің қатарына енуіне ықпал жасау, архивтерде цифрландыру үдерісін жүргізуде қағазбастылықтан арылып, электронды құжаттардың дұрыс әрі сапалы жүргізілуіне жағдай жасауда қажетті мамандарды шығару болып табылады.

Компьютерлік желілік технологияны әмбебап қолданумен қатар, компьютерлік ақпараттық қатарло-

гияларды да қолдану барған сайын маңызды рөл атқарады. Қазіргі кезеңде барлық архивтік басқармалар мен құжат айналымын жүргізетін ұйымдар компьютермен басқарылатын жаңа сандық үлгіні енгізді.

Қоғамға қолжетімділік аясында еліміздегі мемлекеттік архивтердің электронды сайттарының толық жетілдіру – IT-архивистердің міндеті. Мекемелер мен кәсіпорындарда құжат айналымының заманауи инфрақұрылымын қалыптастыруда технологиялардың рөлі зор. Себебі, қоғамның қай саласы болмасын технологиялардың көмегіне жүгінелі, оған себеп технологияның барлық жағдайда адам қызметін жеңілдетуі. Сондықтан архивтерді басқаруда, құжат айналымын заман талабына сай жүргізуде ақпараттық технологияларды қолдануды күшейте отыра маңызды және бұл – IT-архивистер мен құжаттанушылардың басты жұмысы.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында көптеген бағдарламалар елі-

мізді көркейту мақсатында қолға алынууда. Солардың бірі – Цифрлық Қазақстан мемлекеттік бағдарламасы. IT-Архивтану және құжаттану білім беру бағдарламасының ашылуы осы бағдарламамен тікелей қатысты. Бұл бағдарламаның мақсаты – цифрлық технологияларды қолдану арқылы еліміздің әрбір азаматының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды кешенді бағдарлама. Цифрлық технологиялар ел экономикасын дамытуда және архив ісі мен құжат айналымын нәтижелі жүргізуде аса маңызды рөл атқарады. Бүгінде цифрландыру процесі әлемдегі барлық елдерге әсер етеді. Аталған бағдарламаның бес бағыты бар, соның екінші бағыты – цифрлық мемлекетке көшу деп аталады. Бағдарлама аясында еліміздің барлық материалдық және материалдық емес тарихи және мәдени мұрасының маңызды элементтерін электрондық форматқа көшіру жоспарланған. Қазіргі уақытта дәстүрлі құжаттарды цифрландыру жұмысымен елімізде

Қазақстан Республикасының Президентінің архиві алдыңғы орында тұр. Бұл құжаттарды цифрландыру жұмысымен келешек уақытта барлық мемлекеттік архивтермен қоса ведомстволық архивтердің де айналысатыны күмен туғызбайды. Дәстүрлі құжаттарды цифрландырудың нәтижесі электрондық архивтердің пайда болуына жағдай жасайды. Электронды архивтердің пайда болуы – ізденістегі уақыт пен материалдық шығынды қысқартудың ең тиімді жолы. Цифрлық мемлекетке көшу бағыты құжат айналымына да тікелей қатысты. Осы бағыт аясында IT-Архивтану және құжаттану мамандары құжат айналымында, ақпараттық технологияларды қолдану, кәсіпорындар мен мекемелерде қағаз түріндегі құжат айналымын азайту және аз уақытта соны жоюды қарастырады.

IT-Архивтану және құжаттану білім беру бағдарламасының ашылуының тағы бір себебі, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында жарияланған

«Архив – 2025» бағдарламасын жүзеге асыру. Осы тұрғыда оларға жүктелетін міндеттер көп болмағы тұр. Өйткені, Н.Назарбаев «Архив деректерін тек жинақтап қана қоймай, барлық мүдделі зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру керек» деді. Бұл дегеніміз – ұлттық құндылықтарымызды өскелең ұрпаққа сақтап қалдыру мақсатында жасалатын дүние. Өткен тарихын сақтап, танып-білу – рухани жаңғырудың да басты кілті. Ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарымыз сақталмаса, онда ешқандай да жаңғыру болмайды. Осының негізінде ұлттың болашағы үшін архивтік құжаттарды ұрпақтан-ұрпаққа сақтап қалдыруда IT-Архивтану және құжаттану білім беру бағдарламасы керек.

Нұртай ӘБДІРӘСІЛОВ,
Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-
дың 1-курс магистранты.

